

"Керамика" ғылыми-өндіріс бірлестігін ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 25 ақпан 1993 ж. N 151

Техникалық керамика мен металтану саласында ғылыми-техникалық потенциалды сақтау және жұмыстарды дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ мемлекеттік қорғаныс кешені электр-техникалық және машина жасау кәсіпорындары корпорациясының ("КЭМПО" корпорациясы) "Үлбі металлургия зауыты" өндіріс бірлестігінің "Жаһұт" ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық институтымен Өскемендегі "Керамика" зауыты негізінде "КЭМПО" корпорациясы құрамында "Керамика" ғылыми-өндіріс бірлестігін ұйымдастыру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. "Керамика" ғылыми-өндіріс бірлестігі Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің Тенге сарайын орналастыруға арналған үйлер мен ғимараттарды бір айлық мерзімде. "Үлбі металлургия зауыты" өндіріс бірлестігінің балансына беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Жаһұт" ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық институты мен Өскемендегі "Керамика" зауытының тиісінше мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын "КЭМПО" корпорациясының құрамындағы "Керамика"

ғылыми-өндіріс бірлестігі мен "Үлбі металлургия зауыты" өндіріс бірлестігіне беретін және республика Меммүліккомының осы мәселе бойынша бұрын қабылдаған қаулысына қажетті өзгерістер енгізетін болсын.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 21 шілдедегі N 617-22 қаулысы 4-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК